

**Зерттеу сұрағына жауап беру арқылы оқушылардың юниттің зерттеу идеясын талдау дағдыларын қалай дамытуға болады?
2024-2025 оқу жылы**

Абстракт

Бұл мақалада оқушылардың зерттеу сұрағы арқылы юниттің зерттеу идеясын талдау дағдыларын дамыту тәжірибесін зерттеу қарастырылады. «Action Research» зерттеуі Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы негізінде оқытылатын 8-сынып оқушыларының қазақ әдебиеті пәнінің мазмұнына негізделген. Оқушылар 6-сыныптан бері Халықаралық бакалавриат бағдарламасымен оқыса да, зерттеу сұрағын дұрыс құрылымдай алмайды, ұсынылған сұрақтар арқылы юниттің зерттеу идеясын талдау дағдыларын таныта алмайды. Сондықтан да оқушылардың пәндік білімдерін юниттің зерттеу сұрағымен, зерттеу идеясымен байланыстыруға үйретудің жолдарын тәжірибеде зерттеу бұл жұмыстың өзектілігі болып табылады. Мақсат - Халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша зерттеу идеясы негізінде оқытуды жүзеге асырудың нәтижелілігін арттыру тәжірибесімен бөлісу. Зерттеу идеясын талдау үшін Халықаралық бакалавриат мектебінің жеке тәжірибесі мен ойлаудың визуалды әдісі пайдаланылды. Негізгі әдістер оқушылардың зерттеу сұрақтарын өздері құруы және оны концепция, жаһандық мәнмәтінмен, зерттеу идеясымен байланыстыра талдауына бағытталған. Зерттеу нәтижесінде 19 оқушының 12-сі зерттеу идеясын талдай алатын деңгейге жетті. Сол себепті зерттеу нәтижелерінің практикалық мәні әдебиет пәні ұстаздарының тәжірибесінде кең қолдануға нұсқаулық бола алады.

Кілт сөздер: мәселе, зерттеу сұрақтары, зерттеу идеясы, талдау, іс-әрекетті жоспарлау, жоспарды жүзеге асыру, адам және табиғат, өнім, әдеби талдау, рефлексия, нәтиже.

КІРІСПЕ.

Әр сабақ сайын оқушыларды зерттеу жасауға жетелеу, сол арқылы өмірмен байланыс жасату - Халықаралық мектеп бағдарламасының өзегі. «МҮР: От принципов к практике» (2014/қаңтар2015 ж.) құжатындағыдай бағдарлама моделіне сәйкес Зерттеу - Әрекет – Рефлексия - мұғалімдердің негізгі ұстанымы. Сондықтан ІВ талабына орай мектебімізде сабақ барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Аталмыш бағдарламамен жұмыс бастаған алғашқы оқу жылында *«Концептуалды сұрақтар арқылы оқушылардың қорытынды тұжырымға келу дағдыларын жетілдіру»* тақырыбы аясында зерттеу жүргізілді. Концептуалды сұрақтар – үлкен идеяларды талдау («Тіл мен әдебиет нұсқаулығы». For use from September 2014/January 2015)

Бірінші жылы оқушылар әр шығарманы оқып талдау кезінде мақсатқа сай зерттеу жасалып, концептуалды сұрақтар арқылы қорытынды тұжырым жасау дағдылары қалыптасты. Осылайша оқушылардың пәндік білімдері концептуалды оқытумен байланыстырылды.

Келесі оқу жылындағы зерттеу *«Юнит концепцияларын талдау арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту»* бағытында тереңдей түсті. Концепт терминіне түсінік берсек, Линн Эриксон: «Концепт – бұл көп мысалдарға ие, кең, абстрактілі, әмбебап идеялар», ал Виггинс и Мак Тиге «Концепт – бұл шығу тегі, уақыт кезеңі мен заттық мазмұн аспектілігі шеңберінен шығатын кең идеялы, ұзақ мерзімді мінездің қағидасы немесе тұжырымдамасы». Осы зерттеулер нәтижесіне талдау жүргізу

барысында оқушыларда концептуалдық түсінік қалыптасқаны байқалды. Алайда олар концепцияларды тиімді қолданып, зерттеу сұрағын құрап, оған зерттеу идеясына негіздеп жауап жаза алмайтыны сияқты қиындықтар анықталды. Сондықтан биылғы үшінші оқу жылында «Оқушылар зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын қаншалықты ашып талдай алады?» деген тақырыпта өз тәжірибемді зерттеу жалғасты. Ал Зерттеу сұрағы МҮР-де тілді үйрету орталығы болып табылады және ол оқушы бойындағы таным-түсінігін дамытуға бағытталып, өзіндік немесе бірлесіп зерттеуге, шешім қабылдауға мүмкіндік береді. («Тіл мен әдебиет нұсқаулығы». For use from September 2014/January 2015). Ал юниттің негізгі зерттеу идеясы сабақты мақсатты оқыту үшін бағытталған жаһандық мәнмәтіндегі түсінікті білдіреді. («Тіл мен әдебиет нұсқаулығы». For use from September 2014/January 2015).

«Концептуалды сұрақтар - Юнит концепциялары – Зерттеу идеясы» тек зерттеу нысандары емес, бұл оқушылардың талдау дағдыларын жаттықтыру мен қайталауға, әрі зерттеу идеясын талдай алуға мүмкіндік берді. Жұмыс үлгісі зерттеудің қадамдық шешімін ұсынады. Олар: *әдеби шығарманы талдау, одан юнит концепциясына қатысты ойды таба білу, зерттеу сұрағына жауап беру үшін мәселені анықтай білу, зерттеу әдістерін таңдап қолдана алу, концептуалды сұрақтар, юнит концепцияларымен байланыстырып талдау және өзіндік қорытынды жасау, соңында юниттің зерттеу идеясын қаншалықты аша алатынын дәлелдеу.* Бұл әрекеттер зерттеудің актуалдылығын және мәселенің негізделуін құрайды.

Зерттеу мақсаты: оқушылардың зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын талдай алу дағдыларын дамыту.

Зерттеу сұрағы: «Оқушылар зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын қаншалықты талдай алады?»

Практикалық негіз: Әр сабақта зерттеу сұрақтарына құрылымдалып ұйымдастырылған шағын жұмыс түрлерін қолдану тиімді болды.

Күтілетін нәтиже: 8-сынып оқушылары пән бойынша зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын талдай алатын болады.

Теориялық негіз: МҮР: «От принципов к практике» (2014/қаңтар2015 ж.) құжатындағы бағдарлама моделі. Зерттеу - Әрекет – Рефлексия.

ӘДІСНАМА.

Зерттеу нысаны - Астана қаласы Халықаралық мектебінің 8-сынып оқушылары. 6-сыныпта концептуалды сұрақтар арқылы қорытынды тұжырымға келу дағдыларын жетілдіру, 7-сыныпта концепцияларды талдату арқылы зерттеу дағдыларын дамыту болса, 8-сыныпта зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын талдай алу дағдыларын дамыту негізгі фокусқа алынды. Төрт тоқсанда төрт юнит «Салт-дәстүрлер – тәрбие көзі», «Адамгершілік», «Адам және табиғат», «Елдік пен ерлік» мазмұны қамтылды.

Жүзеге асыру (зерттеу барысы):

Оқушылар юнитке кіріспе сабақта зерттеу бөлімінде берілген концепциялар мен жаһандық мәнмәтінді негізге ала отырып, зерттеу идеясын құрады. Яғни 1 тоқсан көлемінде өздерінің нені зерттейтінін анықтайды.

Мысалы, «Адам және табиғат» юнитінің зерттеу бөлімі:

Юнит: Адам және табиғат.

Негізгі концепция: Байланыс.

Пәндік концепция: Мақсат, тақырып

Жаһандық мәнмәтін: Әділеттік және өркендеу: Заңдар, құқық, азаматтық жауапкершілік және қоғамдық сала.

19 оқушының зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын ашып талдай алу дағдыларын дамыту негізгі мәселе болып айқындалды. Сонымен қатар

зерттеуге алынған шығармалар: М.Әуезовтің «Көксерек» повесі, Ш. Мұртазаның «Жүз жылдық жара» әңгімесі, Джек Лондонның «Ақ азу» повесінен үзінді (салыстыру үшін), Ш. Айтматов, М. Шахановтың «Күз басындағы аңшының зары» эссе-кітабынан «Адасқан аққудың мұны немесе Мездуса құпиясы» бөлімі. Юнитке кіріспеде оқушылардың өздері құрған *зерттеу идеясы «Адам мен табиғат арасындағы байланыс тақырыбы мақсатты түрде әділеттік пен өркендеуге әсер етуі керек»*.

Бірінші кезеңде жұмыс түрін сурет арқылы және ойларын кестеге түсірту арқылы визуалды түрде ұйымдастыру жоспарланды.

Кесте 1. Үлгі – нұсқаулық.

«Адам және табиғат» юниті.

Шығармалар	Негізгі концепция – Байланыс	Пәндік концепция – Мақсат, Тақырып	Жаһандық мәнмәтін – әділеттік және өркендеу	Зерттеу идеясы
«Көксерек»	Құрмаштың отбасы Көксерекке бостандық бермеді. Сол үшін Көксерек Құрмашты мерт қылды. Олардың арасында қандай байланыс болды?	Автор мақсаты – табиғат заңдылығын бұзу қасіретке әкелетіндігін көрсету.	Олардың араларында әділеттік орнатылды.	Адам мен табиғат арасындағы байланыс тақырыбы мақсатты түрде әділеттік пен өркендеуге әсер етеді.
«Ақ азу»				
«Жүз жылдық жара»				
«Күз басындағы аңшының зары»				

Кесте 2.

Топтық жұмыс.	
«Көксерек» повесі	«Күз басындағы аңшының зары» эссе-кітабынан үзінді
<p>№ 1 сурет. Бұл суретте біз адамдардың Көксеректің отбасын қырып, оны ауылға алып кеткенін көрсеттік. Осы жерде <i>табиғат заңы мен әділеттік</i> бұзылады.</p>	<p>№ 1 сурет. Бұл суретте адамдардың <i>қоғамға әділетсіз түрде әсер етуі</i> бейнеленген.</p>
<p>№ 2 сурет. Кейін Көксерек адамдарға тәуелді болуға көнбей, олардың малын жейді, орманға қашады. Кері байланыс: Сурет өте мазмұнды шыққан. Дегенмен сурет мазмұны тек шығарма мазмұнымен ұштасқан. Ұсыныс: юниттің концепцияларымен, жаһандық мәнмәтінмен, зерттеу идеясын</p>	<p>№2 сурет. Бұл суретте адамдардың тіршілік иелеріне нұқсан келтіруі бейнеленген.</p>

байланыстырып түсіндіргенің дұрыс болар еді.	
№3 сурет. Бұл суретте автор адам мен табиғат байланысын <i>Көксерек пен ауыл тұрғындарының</i> қарым-қатынасы арқылы ашады. Шығармада табиғат заңының бұзылу нәтижесі нақты көрсетіледі.	№3 сурет. Әлемде <i>азаматтық жауапкершілік</i> жоқтығынан қоғам зардап шегеді.
Тапсырма: Енді шығармадағы мәселелерді түсінгенінді көрсетіп, зерттеу сұрағын құр. Зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын ашып талда.	

Екінші кезеңде оқушылар өздері зерттеу сұрақтарын құрды: «*Не себепті авторлар әрқашан адамдардың табиғатқа негативті қарым-қатынаспен қарайтынын көрсетеді?*», «*Жазушы адам мен табиғаттың арасындағы байланысты көркем шығармада қалай ұсынады?*», «*Не себепті оқиғаларда авторлар кейіпкерлерді қамқоршыл болу жағынан көрсетпейді?*», «*Неліктен адамдар табиғаттың жағдайын бағаламайды?*», «*Неге «Күз басындағы аңшының зарында» авторлар табиғатқа қол жұмсау тақырыбын тандаған?*», «*Неліктен адамның эгоизмі қазіргі заманда басты проблема?*». Демек әдіснамалық тәсіл - шығармалар негізінде тақырыпқа сәйкес ақпараттар жинақтап, жинақталған ақпараттардан қажеттісін сұрыптау.

Үшінші кезеңде әр юнит басында тақырып басқа қандай саламен тығыз байланысты екенін, өмірмен байланысын анықтау ұсынылды. Мысалы, оқушылар зерттеу сұрағына жауап беру барысында «Байланыс» концепциясы аясында «Күз басындағы аңшының зары» жинағындағы «Адам мен табиғат арасындағы байланысты» зерттеп, топтық зерттеу жобасын орындап, кинолента даярлады. Шығармадағы мәселелерді түсіну, талдау арқылы жинақтау, зерттеу, бағалау дағдыларын дамытты. Мәселелерді шешу үшін ерекше шешімдер құру, мүмкін емес немесе күмәнді болатын көптеген варианттарды қарастырғандарын, көтерілген мәселелерді шешу үшін қандай шешімдер қабылдағандарын түсіндірді. Біріншіден, *зерттеу нысанына байланысты зерттеу сұрақтарына жауап берді*. Екіншіден, оқушылар *юниттің зерттеу идеясын ұсынылған Концепциялар, Жаһандық мәнмәтін аясында талдады*.

Төртінші кезең жеке жұмыста зерттеу сұрағына әдеби талдау жазып тұжырымды жауап ұсынды. Ал жиынтық бағалауда Халықаралық бакалавриат мектебінің жеке тәжірибесі мен ойлаудың визуалды әдісін пайдаланып зерттеу идеясын ашып әдеби талдау жазды.

№ 1 мысал. Зерттеу сұрағы: «*Жазушы адам мен табиғаттың арасындағы байланысты көркем шығармада қалай ұсынады?*». Оқушы жауабы: «*Шығармада Адам мен табиғат арасындағы байланыс тақырыбы мақсатты түрде әділеттік пен өркендеуге негізделген. Мәселен, жазушы Көксеректің ішкі ойы, эмоциясы жыл мезгілдерімен байланыста өзгергенін көрсеткен. Қыс мезгіліндегі Көксерек іс-әрекетін автор қораны өрт шыққандай, жер сілкінгендей дүр-дүр еткізді деп қасқырдың қойға шабу оқиғасы арқылы көрсетеді. Шан-шұң, арс-гүрс, ырр сияқты еліктеуіш сөздерді қолданған автор адам жан дүниесін, табиғи құбылыстарды атмосфералық түрде бейнелейді. Демек автор дауысты, қозғалысты шынайы және көркем жеткізе білген. Мысалы: қарға шықыр-шықыр басқан аяқтың дауысын, қасқырдың сақтығын, қозғалысын шебер жеткізіп берді. Бұдан біз адам мен табиғат арасындағы мақсатты түрдегі байланысты көреміз».*

№ 2 мысал. Зерттеу сұрағы: «*Неліктен адамдар табиғаттың жағдайын бағаламайды?*». Оқушы жауабы: «*Жеке адам бойындағы эгоизмнің қанат жаюы салдарынан табиғаттың қаншама гажайып кереметтерін жоғалтып жатырмыз. Төрт зиянды жәндік шыбын, маса, тышқан мен торғай Қытайды жаулап алды. Арнайы*

адамдарды шақыртып, оларды қырдырып тастады. Соңында адам баласы өзі де зардап шекті. «Құз басындағы анишының зары» шығармасында қоғамның зардап шегуі адамдардың қоғамға әділетсіз түрде әсер етуінен, адамдардың табиғаттың жағдайын бағаламауынан, адамдардың тіршілік иелеріне нұқсан келтіруінен, әлемде азаматтық жауапкершіліктің жоқтығынан пайда болады. Бұл арада Адам мен табиғат арасындағы байланыстың дұрыс мақсатта болмағаны әділеттік пен өркендеуге кері әсер етті».

Кесте №3. 1-ші және 3-ші тоқсан аралығында жүргізілген зерттеу бойынша оқушылардың зерттеу сұрағын құру, зерттеу идеясын талдай алу дағдыларының көрсеткіштері.

<i>Зерттеуге дейін:</i>	<i>Зерттеуден кейін:</i>
1. Зерттеу сұрақтарын тек деректі сұрақ түрінде құру;	1. Зерттеу сұрақтарын концепциямен байланыстыра құра алу;
2. Зерттеу сұрақтарын шығарма мазмұны аясында ғана құру;	2. Зерттеу сұрақтарын Жаһандық мәнмәтінмен байланыста құра алу;
3. Жауапты көркем шығарма негізінде ғана ұсыну;	3. Зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын ашып талдай алу;
4. Жауаптарын концепциямен, зерттеу идеясымен байланыста ұсына алмау;	4. Өз білімін негізгі және пәндік концепциялармен, жаһандық мәнмәтінмен байланыста интерпретациялау;
5. Оқушылардың білу, түсіну, деңгейін ғана танытуы.	5. Оқушылардың зерттеу дағдыларының дамығанын танытуы.

Практикалық ұсыныстар: сурет арқылы және ойларын кестеге түсірту арқылы визуалды түрде ұйымдастыруға арналған жұмыс түрлері, зерттеу сұрақтары

Нәтижелер және негізгі қорытындылар

Топтық және жеке жұмыста оқушылар үлгі-нұсқаулықты қолданып зерттеу сұрақтарын өздері құру арқылы зерттеу идеясын ашып талдау дағдыларын дамытты. Мысалы, концепцияларды тиімді қолданып, зерттеу сұрағын құрды, мәселе/себеп анықталды, жаһандық мәнмәтінмен байланыстырылды, зерттеу идеясы талданды. Әрине, оқушыларды талдау барысында негізгі бір ережеге, нұсқаулыққа байлап қоюға болмайды. Олар өзіндік идея, логикалық ойлау және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын танытады.

Барлық оқушы бірдей зерттеу сұрақтары арқылы зерттеу идеясын талдай алу үшін мұғалімге саралау әдісін де қолдану керек. Себебі зерттеу сұрағының өзі концепциямен, жаһандық мәнмәтінмен байланыста құрылады. 6-7-сыныпта концепция, жаһандық мәнмәтінмен жұмыс істесе де, жыл сайын сынып құрамы өзгеріп отыратындықтан нақты қалыптасқан, стандартты, бірізді талаптарды қоюға да болмайды. Сондықтан «міне, үлгі, осыған қарап құр» деп айту да тиімсіз. Сонымен зерттеу сұрағының құрылу деңгейі мен сапалылығы аландатады, себебі зерттеу идеясын ашу осы құрылған сұрақпен тығыз байланысты. Әр оқушының жазған жауабына, тұжырымына, зерттеу идеясын талдай алуына, зерттеу қорытындыларына баға берілді. Сонда зерттеу сұрағы - зерттеу идеясын ашып талдай алу дағдысына қызмет етті. Ал зерттеу сұрағын құруға концепция мен жаһандық мәнмәтін қызмет етті. Зерттеу нәтижелерін төмендегі диаграммадан көруге болады.



ҚОРЫТЫНДЫ.

Зерттеу нәтижелерін талдасақ, зерттеу сұрағының өзі екі түрлі қызмет атқарады: ол концепциялар мен жаһандық мәнмәтін негізінде құрылады және зерттеу идеясымен байланыстыра талдауға нұсқаулық бола алады. Сондықтан мақсатқа сай зерттеу идеясын талдау зерттеу сұрағын құру арқылы тиімді болғаны анықталды. Демек 8-сынып оқушылары пән бойынша зерттеу сұрағына жауап беру арқылы юниттің зерттеу идеясын талдай алатын болды. Әр зерттеу сұрағы оқушының талдау, интерпретациялау, бағалау дағдыларын дамытып отырды.

Оқушылардың зерттеу сұрақтарына жауаптарын бағаланғанда сыныптағы 19 оқушының 12-сі зерттеу идеясын ашып талдай алды, ал 3 оқушы қиналды, биыл жаңадан қосылған 4 оқушы зерттеу идеясы ұғымын әлі дұрыс түсінбеді. Демек сыныптың 63 %-ы ғана зерттеу мақсатының толық орындалғанын дәлелдейді. Ендеше әлі 37 % оқушы зерттеу сұрақтарына сүйене отырып, юниттің зерттеу идеясын талдауда қиналды. Сол себепті жаңа кәсіби даму аймағы анықталды.

«Action Research» зерттеуі негізінде жүргізілген зерттеудің оң нәтижелі болуы, семинар, конференцияларда тәжірибемен бөлісуге ұласады. Сонымен қатар «Action Research» зерттеуін жалғастыру үшін қолдауды қажет ететін оқушыларға ұсынылған үлгі-нұсқаулықты тәжірибеге жүйелі енгізу, шығармадағы мәселелерді анықтау үшін «Мәселеге бағытталған талдау» моделімен зерттеп көру мақсаты жоспарланды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айтматов Ш., Шаханов М. (1997). Құз басындағы аңшының зары «Адасқан аққудың мұңы немесе Мездуза құпиясы» бөлімі. Алматы. (с. 209-226).
2. Әуезов М. (2012). Көксерек. Әдебиет. 7- сынып. (с. 100-119).
3. Виггинс и Мак Тиге. (1998). Обратный дизайн - Backward design.
4. «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша 8-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы. (2023). Астана Халықаралық мектебі.
5. Ш.Мұртаза (2012). Жүз жылдық жара. Әдебиет. 7- сынып. (с. 191-201).
6. Тіл мен әдебиет нұсқаулығы. (2014)
7. MYP: От принципов к практике. (2014) [Submit Form \(ibo.org\)](http://ibo.org)
8. Н. Lynn Erickson. Concept-based Curriculum And Instruction For The Thinking Classroom